

Мектепке дейінгі ұйымнан шығару және 1-сыныпқа қабылдау туралы ақпарат

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 30-бабына сәйкес 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту отбасында немесе бір жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген *тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына* сәйкес:

- тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру **тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып**, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады;

- мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды сыныптарын жинақтау **тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып**, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

- мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді **мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін** жүзеге асырылады;

- мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) **мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда** жүзеге асырылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 31-бабына сәйкес 1-сыныпқа оқуға балалар тестілік немесе конкурстық рәсімдерді қолданусыз, білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен **алты жастан** қабылданады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген *бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына* сәйкес:

- бастауыш білімнің жалпы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары дайындық деңгейіне қарамастан, білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, **алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.**

- бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын баланың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың **1 сәуірі мен 31 тамызы аралығында** жүзеге асырылады.

- көрсетілетін қызметті беруші оқуға қабылдау кезінде ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағынан көрсетілетін қызметті алушыларға өтініш берген бірінші үшеуге оқуға қабылданғаны туралы, содан соң - ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап бірінші болып тіркелгендердің ішінен білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағынан тыс 1 (бір) үміткерге оқуға қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.